

БЕКІТЕМІН
«Медициналық технологиялар және
ақпараттық жүйелер орталығы»
акционерлік қоғамының



Президенті
Е.Н. Дәуенов
2026 жыл

БАНК КАРТАСЫМЕН ТӨЛЕМ ЖАСАҒАН КЕЗДЕ БІЛІМ БЕРУ
ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ АҚША ҚАРАЖАТЫН
ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Банк картасымен төлем жасаған кезде білім беру қызметтеріне ақы төлеу және ақша қаражатын қайтару тәртібі (бұдан әрі – **Тәртіп**) **CmtisEdu** білім беру платформасы (бұдан әрі – **Портал**) арқылы көрсетілетін білім беру қызметтеріне ақы төлеу тәртібін, төлемді растау, ақша қаражатын қайтару тәртібін, сондай-ақ банк карталары арқылы қолма-қол ақшасыз төлем жасау кезінде тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

1.2. Осы Тәртіп Порталда орналастырылған Жария оферта шартының ажырамас бөлігі болып табылады және Портал арқылы білім беру қызметтерін сатып алатын барлық пайдаланушылар үшін міндетті болып табылады.

1.3. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу **Halyk Bank** интернет-эквайринг сервисі арқылы **Visa, Mastercard** халықаралық төлем жүйелерінің банк карталарын және төлем сервисі қолдайтын өзге де төлем жүйелерінің карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

1.4. Төлем сервисін пайдалану Тапсырыс берушінің осы Тәртіптің, Жария оферта шартының, Құпиялылық саясатының және Портал қызметін реттейтін өзге де құжаттардың талаптарымен келісетінін білдіреді.

1.5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – **теңгемен** жүзеге асырылады.

1.6. Орындаушы Жария оферта шартында көзделген тәртіппен осы Тәртіпке өзгерістер енгізуге құқылы. Егер жаңа редакция жарияланған кезде оның күшіне енуінің өзге мерзімі көрсетілмесе, Тәртіптің жаңа редакциясы Порталда орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:

Орындаушы – Портал арқылы білім беру қызметтерін көрсететін «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы.

Тапсырыс беруші – Жария оферта шартының талаптары негізінде білім беру қызметтерін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға.

Пайдаланушы – оқудан өту, тестілеуден өту, сертификаттар алу және өзге де білім беру сервистерін пайдалану мақсатында Порталды пайдаланатын жеке тұлға.

Портал (CmtisEdu білім беру платформасы) – Интернет желісінде орналастырылған және білім беру қызметтерін көрсетуге, қашықтан оқытуды ұйымдастыруға, тестілеуден, қорытынды аттестаттаудан өтуге және оқу туралы құжаттарды алуға арналған Орындаушының ақпараттық жүйесі.

Білім беру бағдарламасы – Платформада орналастырылған және сатып алуға қолжетімді оқу курсы, біліктілікті арттыру бағдарламасы, тестілеу, сертификаттау немесе өзге де білім беру қызметі.

Төлем – Тапсырыс берушінің білім беру қызметіне ақы төлеу есебіне **Halyk Bank** төлем шлюзі арқылы ақша қаражатын аударуы.

Төлем жүйесі – банк карталарын пайдалана отырып төлемдерді қабылдау мен өңдеуді қамтамасыз ететін **Halyk Bank** бағдарламалық-техникалық кешені.

Интернет-эквайринг – Интернет желісі арқылы банк карталарын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау қызметі.

Ақша қаражатын қайтару – Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жария оферта шартында және осы Тәртіпте көзделген жағдайларда Орындаушының Тапсырыс берушіге ақша қаражатын толық немесе ішінара қайтаруы.

Жеке кабинет – Пайдаланушының Порталдағы білім беру бағдарламаларына, оқыту туралы ақпаратқа, тестілеу нәтижелеріне, сертификаттарға және Платформаның өзге де сервистеріне қол жеткізуге арналған жеке бөлімі.

3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Білім беру бағдарламасының құны Порталда орналастырылған тиісті білім беру бағдарламасының бетінде көрсетіледі.

3.2. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу **Halyk Bank** төлем шлюзі арқылы **Visa, Mastercard** халықаралық төлем жүйелерінің банк карталарын және төлем сервисі қолдайтын өзге де төлем жүйелерінің карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

3.3. Төлем жасау үшін Тапсырыс беруші білім беру бағдарламасын таңдайды, оған қол жеткізуді сатып алу ниетін растайды және **Halyk Bank**-тің қорғалған төлем бетіне қайта бағытталады.

3.4. Төлем бетінде Тапсырыс беруші мынадай төлем деректемелерін дербес енгізеді:

- банк картасының нөмірі;
- банк картасының қолданылу мерзімі;

- **CVV2/CVC2** қауіпсіздік коды;
- электрондық төлем құжатын алу үшін электрондық пошта мекенжайы.

3.5. Егер Тапсырыс берушінің банк картасын шығарған банк осындай технологияны қолдануды көздесе, төлем операциясын растау үшін **3-D Secure** технологиясы (**Verified by Visa, Mastercard Identity Check** немесе өзге де ұқсас технологиялар) пайдаланылады.

3.6. Төлемдерді өңдеу **Halyk Bank** төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. Орындаушы Тапсырыс берушілердің банк карталарының толық деректемелерін алмайды, сақтамайды және өңдемейді.

3.7. Орындаушы төлем жүйесінен төлем операциясының сәтті жүзеге асырылғаны туралы растауды алған сәттен бастап, Тапсырыс берушінің білім беру қызметіне ақы төлеу жөніндегі міндеттемесі орындалды деп есептеледі.

3.8. Төлем сәтті аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге электрондық төлем құжаты (түбіртек немесе фискалдық чек) қалыптастырылады, оны банк төлем жасау кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жібереді.

3.9. Төлемді жүзеге асыру кезінде техникалық ақау туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасау әрекетін қайта қайталауға немесе Орындаушының техникалық қолдау қызметіне жүгінуге құқылы.

4. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орындаушының құқығы:

4.1.1. Жария оферта шартында және осы Тәртіпте белгіленген мөлшерде және тәртіппен Тапсырыс берушіден білім беру қызметтері үшін төлем алуға.

4.1.2. Даулы жағдайлар туындаған кезде Тапсырыс берушіден төлем жасалғанын растайтын құжаттарды немесе мәліметтерді сұратуға.

4.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жария оферта шартында немесе осы Тәртіпте көзделген негіздер болмаған жағдайда ақша қаражатын қайтарудан бас тартуға.

4.1.4. Жария оферта шартында көзделген тәртіппен осы Тәртіпке өзгерістер енгізуге.

4.2. Орындаушы міндетті:

4.2.1. **Halyk Bank** төлем шлюзі арқылы білім беру қызметтеріне ақы төлеу мүмкіндігін қамтамасыз етуге.

4.2.2. Осы Тәртіпте белгіленген мерзімдерде Тапсырыс берушілердің төлем жасау, қолжетімділік беру және ақша қаражатын қайтару мәселелері бойынша өтініштерін қарауға.

4.2.3. Төлемдерді өңдеу, өтініштерді қарау және ақша қаражатын қайтару кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға.

4.2.4. Тапсырыс берушілердің банк карталарының толық деректемелерін жинамауға, сақтамауға және өңдемеуге.

4.2.5. Төлемдерді өңдеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және білім беру қызметтерін көрсету барысында алынған ақпаратты қорғау үшін қажетті шараларды қабылдауға.

5. ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Тапсырыс берушінің құқығы:

5.1.1. Білім беру қызметтерінің құны, оларды төлеу тәртібі және қолжетімділік беру тәртібі туралы дұрыс ақпарат алуға.

5.1.2. Төлемнің жасалғанын растайтын электрондық төлем құжатын (түбіртек, фискалдық чек немесе өзге де құжат) алуға.

5.1.3. Төлем жасау, білім беру бағдарламаларына қолжетімділік беру және ақша қаражатын қайтару мәселелері бойынша Орындаушыға жүгінуге.

5.1.4. Өзінің өтінішін қарау барысы туралы ақпарат алуға.

5.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жария оферта шартында және осы Тәртіпте көзделген жағдайларда ақша қаражатын қайтаруды талап етуге.

5.2. Тапсырыс беруші міндетті:

5.2.1. Төлем жасау үшін қажетті дұрыс мәліметтерді ұсынуға.

5.2.2. Банк картасын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес заңды негізде пайдалануға.

5.2.3. Төлем жасағанға дейін Жария оферта шартының, осы Тәртіптің талаптарымен және білім беру бағдарламасының құнымен танысуға.

5.2.4. Төлем жасау үшін банк картасында жеткілікті ақша қаражатының болуын дербес қамтамасыз етуге.

5.2.5. Білім беру бағдарламасына қолжетімділік алғанға дейін немесе ықтимал даулы жағдайлар қаралып аяқталғанға дейін білім беру бағдарламасына төлем жасалғанын растайтын құжаттарды сақтауға.

5.2.6. Төленген білім беру бағдарламасына қолжетімділік алуға кедергі келтіретін техникалық қателер туындаған жағдайда, бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге.

5.2.7. Білім беру платформасының немесе төлем инфрақұрылымының жұмысына кедергі келтіруге бағытталған әрекеттерді жасамауға.

6. АҚША ҚАРАЖАТЫН ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ

6.1. Ақша қаражатын қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жария оферта шартында және осы Тәртіпте көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

6.2. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда ақша қаражатын қайтару туралы өтінішпен Орындаушыға жүгінуге құқылы:

6.2.1. білім беру қызметін Орындаушының кінәсінен көрсету мүмкін болмаған жағдайда;

6.2.2. ақша қаражаты қате (қайтадан) есептен шығарылған жағдайда;

6.2.3. төленген білім беру бағдарламасына қолжетімділік берудің мүмкін болмауына әкеп соққан техникалық қате туындаған жағдайда;

6.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Жария оферта шартында көзделген өзге де жағдайларда.

6.3. Ақша қаражатын қайтару мәселесін қарау үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша немесе электрондық нысанда өтініш жолдайды.

6.4. Өтініште мыналар көрсетілуге тиіс:

- Тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- электрондық пошта мекенжайы;
- байланыс телефонының нөмірі;
- білім беру бағдарламасының атауы;
- төлем күні мен сомасы;
- өтініш беруге негіз болған мән-жайлардың сипаттамасы;
- төлем құжатының деректемелері (бар болса);
- егер оларды ұсыну талап етілсе, ақша қаражатын қайтаруға арналған банк деректемелері.

6.5. Орындаушы ақша қаражатын қайтару туралы өтінішті қарау үшін қажетті қосымша құжаттарды немесе мәліметтерді Тапсырыс берушіден сұратуға құқылы.

6.6. Қайтару туралы шешім қабылданғанға дейін Орындаушы Тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген мән-жайларға тексеру жүргізуге, оның ішінде төлемнің жасалу фактісін және білім беру қызметінің көрсетілу фактісін тексеруге құқылы.

6.7. Мынадай жағдайларда ақша қаражаты қайтарылмайды:

6.7.1. егер білім беру қызметі Орындаушы тарапынан тиісті түрде және толық көлемде көрсетілсе;

6.7.2. егер білім беру бағдарламасына қолжетімділік берілген болса және оны меңгеру мүмкін еместігі Орындаушыға байланысты емес себептерден туындаса;

6.7.3. егер Тапсырыс беруші өтінішті қарау үшін қажетті анық емес немесе шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынса;

6.7.4. егер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жария оферта шартына немесе осы Тәртіпке сәйкес қайтаруға негіздер болмаса.

6.8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе немесе Тараптар өзгеше келіспесе, ақша қаражатын қайтару төлем жүргізілген тәсілмен жүзеге асырылады.

6.9. Ақша қаражатын қайтару Орындаушы Тапсырыс берушінің өтінішін қарау нәтижелері бойынша оң шешім қабылдағаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

7. ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ АҚША ҚАРАЖАТЫН ҚАЙТАРУ МЕРЗІМДЕРІ

7.1. Тапсырыс берушінің ақша қаражатын қайтару туралы өтініші (өтінішхаты), егер ол жұмыс уақытында келіп түссе, Орындаушыға келіп түскен күні тіркелуге тиіс. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері келіп түскен өтініштер келесі ең жақын жұмыс күні тіркеледі.

7.2. Орындаушы ақша қаражатын қайтару туралы өтінішті қарайды және өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

7.3. Қосымша құжаттарды немесе мәліметтерді алу қажет болған жағдайда Орындаушы оларды Тапсырыс берушіден сұратуға құқылы. Бұл жағдайда өтінішті қарау мерзімі сұратылған құжаттар алынғанға дейін

тоқтатыла тұрады, бұл туралы Тапсырыс берушіге өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша хабарланады.

7.4. Қабылданған шешім туралы Орындаушы Тапсырыс берушіні тиісті шешім қабылданғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен электрондық пошта мекенжайына хабарлама жолдау арқылы хабардар етеді.

7.5. Ақша қаражатын қайтару туралы оң шешім қабылданған жағдайда Орындаушы қайтару рәсімін оң шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей бастайды.

7.6. Ақша қаражатының Тапсырыс берушінің банк картасына немесе банк шотына нақты есепке алыну мерзімі банк-эмитенттің және (немесе) төлем ұйымының қағидалары мен ішкі рәсімдеріне байланысты болады және Орындаушыға байланысты емес.

7.7. Өтінішті қанағаттандырудан бас тартылған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге бас тарту себептері көрсетілген дәлелді жауап жібереді.

8. ТӨЛЕМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

8.1. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу ақпаратты криптографиялық қорғаудың заманауи құралдарын пайдалана отырып, **Halyk Bank**-тің қорғалған төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

8.2. Банк карталарының деректері халықаралық төлем жүйелерінің талаптарына және **PCI DSS** қауіпсіздік стандартына сәйкес келетін шифрлау хаттамаларын қолдана отырып, қорғалған байланыс арналары арқылы беріледі.

8.3. Төлем жасау кезінде **Halyk Bank** төлем жүйесінде көзделген төлем операцияларын қорғау технологиялары, оның ішінде банк картасын ұстаушыны қосымша аутентификациялау тетіктері пайдаланылады, егер оларды қолдану банк картасын шығарған банк тарапынан көзделген болса.

8.4. Орындаушы білім беру қызметтерін көрсету кезінде алынған ақпаратты қорғау бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

8.5. Алаяқтық әрекеттер жасалды деген күдік туындаған жағдайда, Тапсырыс берушінің ақша қаражатының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төлем операциясы төлем жүйесі немесе банк-эмитент тарапынан қабылданбауы мүмкін.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Білім беру қызметтеріне ақы төлеуге, білім беру бағдарламаларына қолжетімділік беруге және ақша қаражатын қайтаруға байланысты міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жария оферта шартына және осы Тәртіпке сәйкес жауапты болады.

9.2. Орындаушы мынадай себептерге байланысты төлемді жүзеге асыру мүмкін болмағаны үшін жауапты болмайды:

- Тапсырыс берушінің жабдығының немесе бағдарламалық қамтамасыз етуінің ақаулығы;
- Тапсырыс берушінің Интернет желісіне қолжетімділігінің болмауы;
- банк-эмитенттің төлем операциясын жүргізуден бас тартуы;
- банк-эмитент немесе төлем жүйесі белгілеген шектеулер;
- алаяқтық әрекеттердің белгілерінің, күмәнді төлем белсенділігінің анықталуына немесе төлемдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын сақтау қажеттілігіне байланысты банк-эмитенттің, төлем жүйесінің немесе төлем шлюзінің төлем операциясын жүргізуден бас тартуы.

9.3. Егер төлем операцияларын өңдеу, ақша қаражатын қайтару немесе олардың Тапсырыс берушінің банк шотына есепке алыну мерзімдері банк-эмитентке, төлем жүйесіне немесе есеп айырысуды жүргізуге қатысатын өзге ұйымдарға байланысты болса, Орындаушы осы мерзімдер үшін жауапты болмайды.

9.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің төлем жасау немесе ақша қаражатын қайтару үшін қажетті анық емес, толық емес немесе қате мәліметтерді ұсынуының салдары үшін жауапты болмайды.

9.5. Тапсырыс беруші төлем жасау кезінде, өтініштерді және ақша қаражатын қайтару туралы өтініштерді жолдау кезінде көрсетілетін мәліметтердің дұрыстығына жауапты болады.

9.6. Тапсырыс беруші банк картасының, төлем деректемелерінің және Жеке кабинетінің есептік деректерінің сақталуын дербес қамтамасыз етеді және олардың жоғалуы, жария болуы немесе үшінші тұлғаларға берілуі салдарынан туындайтын тәуекелдерді өзі көтереді.

9.7. Алаяқтық белгілері, банк картасын рұқсатсыз пайдалану немесе төлем операциясының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін өзге де мән-жайлар анықталған жағдайда, Орындаушы мән-жайлар анықталғанға және жасалған төлемнің заңдылығы расталғанға дейін білім беру бағдарламасына қолжетімділік беруді тоқтата тұруға құқылы.

9.8. Егер міндеттемелерді орындамау төлем қабылданғаннан кейін туындаған және міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш мән-жайларынан (форс-мажордан) туындаса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

9.9. Білім беру қызметтеріне ақы төлеуге, білім беру бағдарламаларына қолжетімділік беруге немесе ақша қаражатын қайтаруға байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Жария оферта шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Орындаушы Тапсырыс берушімен алдын ала келіспей-ақ осы Тәртіпке біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

10.2. Егер жаңа редакция жарияланған кезде оның күшіне енуінің өзге мерзімі көрсетілмесе, осы Тәртіптің жаңа редакциясы Порталда орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

10.3. Осы Тәртіптің жаңа редакциясы жарияланғаннан кейін Порталды пайдалануды жалғастыру Тапсырыс берушінің енгізілген өзгерістермен келісетінін білдіреді.

10.4. Осы Тәртіппен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жария оферта шартын, Құпиялылық саясатын және Орындаушының өзге де жергілікті құжаттарын басшылыққа алады.

10.5. Егер осы Тәртіптің жекелеген ережелері жарамсыз немесе күшін жойған деп танылса, бұл Тәртіптің қалған ережелерінің жарамдылығына әсер етпейді.

10.6. Осы Тәртіп Порталда орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді және оған өзгерістер енгізілгенге, күші жойылғанға немесе жаңа редакциясы қабылданғанға дейін мерзімсіз қолданылады.

11. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

11.1. Байланыс ақпараты:

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы

Заңды мекенжайы: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 63

БСН / ЖСН / СТН / 120940001946

БИК HSBKKZKX

ЖСК KZ356010111000320775

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ

КБЕ 16

Телефон: 75-37-04, 75-37-03, 75-37-13

E-mail: cmtis@cmtis.udp-rk.kz

Ресми сайт: <https://cmtisedu.kz>